



№ 1 (1306)
15 қаңтар, 2002 жыл

Туған күн!
День рождения!

ҚАЗАҚ



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

УНИВЕРСИТЕТІ

Арнайы нөмір
Славионер

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Біз туралы

• Елбасы көрсеткен меже


Нұрсұлтан Назарбаев:
Nursultan Nazarbaev:

✓ ҚазҰУ әлемге әйгілі Оксфорд, Гарвард сияқты университеттердің дәрежесіне жетуі керек.

✓ КазНУ должен встать на уровень лучших учебных заведений мира, таких известных университетов, как Оксфорд, Гарвард.

✓ KazNU has to be on the same level of the best famous universities of the world as Oxford, Harvard.

1934 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАҢТАРЫНДА ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АШЫЛДЫ



Таланкер - 2002 Абитуриент-2002 Таланкер - 2002 Абитуриент-2002 Таланкер - 2002 Абитуриент-2002 Таланкер - 2002

ҚазҰУ-ге оқуға түсуге жетелейтін он түрлі себеп

Біріншіден, ҚазҰУ – еліміздегі ең алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. Сондықтан онда Қазақстан жоғары оқу орындарының ішіндегі ең жақсы деген дүниелер бар.

Екіншіден, бұл оқу орнында ҚР ҰҒА-ның 3 академигі, 11 корреспондент-мүшесі, 246 ғылым докторлары мен профессорлар, 674 ғылым кандидаттары мен доценттер еңбек етеді. Демек, саған білікті оқытушылар білім беретін болады.

Үшіншіден, ҚазҰУ-де студенттерді 13 факультетте 89 мамандық бойынша оқытады. Бұл әркімнің өзінің болашақ мамандығын табуына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, университетте күндізгі оқудан басқа сырттай және кешкі оқу түрлері де бар. Яғни сен әрі оқи, әрі жұмыс істей аласың.

Бесіншіден, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – халықаралық университеттер ассоциациясына мүше болған және оның жұмысына белсене қатысатын Қазақстандағы бірден-бір университет. ҚазҰУ, сондай-ақ, Еуразиялық университеттер ассоциациясын құруға қатысқан жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Демек, біздің университеттің дипломы әлемнің барлық жерінде жарамды болып есептеледі.

Алтыншыдан, ҚазҰУ Американың, Еуропаның, Азияның және Африканың 163 университетімен байланыс жасайды. Жыл сайын 70 студент шетелдің жоғары оқу орындарында білім алады. Сен де солардың қатарында болуың мүмкін. Сонымен бірге барлық факультетте шетелдік мамандар дәріс оқиды.

Жетіншіден, ҚазҰУ – еліміздің ең ірі ғылыми орталығы. Университет қабырғасында қалыптасқан ғылыми мектептер Қазақстан Республикасының тұтастай ғылымының дамуына елеулі ықпал етеді. 8 ғылыми-зерттеу институттар мен 9 ғылыми орталықтарда терең ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізіледі. Университетте 32 кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғайтын ғылыми кеңестер бар. Егер сен диплом алғаннан кейін ары қарай ғылыммен айналысқың келсе, онда сен үшін бұл жоғары оқу орнында аспирантура мен докторантура бар.

Сегізіншіден, университет кітапханасында 1,5 млн. кітаптан тұратын кітап қоры бар және ол Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының кітапханасынан кейінгі ірі кітапханалардың бірі болып табылады. Бұл жерде сен Интернетті пайдалана аласың. Оқу процесі толық дерлік компьютерленген.

Тоғызыншыдан, университетте әскери кафедра бар. Дипломмен бірге әскери атақ ала аласың.

Ең соңында, оныншыдан, басқа жерлерде тұрмыс-тіршілігің мен денсаулығыңа ҚазҰУ-дегідей жағдай жасалмаған. Егер сен сырт жерден келсең, жатақханаға орналасып, ҚазҰУ-дің спорт кешенінде спортпен айналыса аласың. ҚазҰУ қалашығында Тамақтану комбинаты бар. Студенттер сарайында сен үшін көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Талқырлар мен алғырларды КВН жарыстары күтеді.

Тіпті, ақырында егер өте жақсы оқитын болсаң, өз оқуыңа кететін шығынды үнемдей аласың.

ҚазҰУ сені күтеді!

Десять причин, по которым ты должен поступить в КазНУ

Во-первых, Казахский национальный университет – старейший вуз страны, в нем собрано все лучшее, что присуще высшей школе Казахстана.

Во-вторых, здесь работают 3 академика и 11 чл.-корреспондентов НАН РК, 246 докторов наук и профессоров, 674 кандидата наук и доцента, а это значит, что тебя будут учить самые квалифицированные преподаватели.

В-третьих, КазНУ обучает студентов на 13-ти факультетах по 89 специальностям, следовательно, каждый сможет найти себе будущую профессию.

В-четвертых, кроме дневной, в университете есть заочно-вечерняя форма обучения, и, если нужно, ты сможешь и учиться, и работать.

В-пятых, КазНУ им. аль-Фараби – это единственный вуз Казахстана, который стал членом Международной ассоциации университетов и принимает активное участие в деятельности МАУ. КазНУ также является одним из учредителей Евразийской ассоциации университетов. А это значит, что диплом нашего университета признается во всем мире.

В-шестых, КазНУ поддерживает связи со 163-мя университетами стран Америки, Европы, Азии и Африки. Ежегодно около 70 студентов обучается в зарубежных вузах. Ты вполне можешь оказаться в их числе. Кроме того, на всех факультетах читают лекции зарубежные специалисты.

В-седьмых, КазНУ – крупнейший научный центр страны. Научные школы, сложившиеся в университете, оказывают позитивное влияние на развитие науки всей Республики Казахстан. В 8-ми научно-исследовательских институтах и 9-ти научных центрах проводятся фундаментальные научные исследования. В университете 32 научных совета по защите кандидатских и докторских диссертаций. Если ты решишь после получения диплома заняться научной деятельностью, к твоим услугам – аспирантура и докторантура.

В-восьмых, университетская библиотека имеет книжный фонд в 1,5 млн. книг и является крупнейшей после Национальной библиотеки и библиотеки Академии наук. Здесь же ты сможешь воспользоваться услугами Интернета. Учебный процесс почти полностью компьютеризирован.

В-девятых, университет располагает военной кафедрой и вместе с дипломом ты имеешь возможность получить воинское звание.

Наконец, нигде о твоём быте и твоём здоровье не позаботятся так, как в КазНУ. Если ты приехал из другого города, то можешь поселиться в общежитии, если любишь заниматься спортом – к твоим услугам спорткомплекс КазНУ, на территории КазГУГрада есть Комбинат питания, во Дворце студентов есть все условия для занятий художественной самодеятельностью, веселых и находчивых ждут КВНовские турниры.

А если ты будешь отлично учиться, то можешь сэкономить на оплате за учебу.

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!

КазНУ ждет тебя!



Біз туралы

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ:

"...Ұстазым ұлы

Мұхтар дәріс берген бұл ұлттық университеттен болашақтың азаматтары, келешектің іскерлері шығады".

Ұшқан ұя, қонған қия

"Үа Еділ – менің бесігім, Мендей боп сені сүйді кім?"

КазГУ дегенде менің ойыма Некрасовтың осы өлеңі оралады. Қазақтың Кембриджі, не Оксфорды секілді Бас университетін жұрттың бәрі жақсы көретін шығар, бірақ менше сүйетін адам жоқ, бола қалса - сирек.

Білім мен ғылымның осыбір ғажайып ордасында мен бес жыл оқыдым, міне жарты ғасырдан асты, табан аудармастан оқытушы боп келемін.

1945 жылы алғаш рет ұстаздардың ұстазы Әуезовтің лекциясын тыңдадым. 1947 жылы университет қабырғасында жүріп, студент қалпыма СССР Жазушылар Одағының мүшелігіне өттім. 1948 жылы осы газеттің

("За отличную учебу") тұңғыш нөмірін "Университет" деген өлеңіммен аштым. 1950 жылы филология факультетін үздік бітіріп, өзім лекция тыңдаған аудиторияларда енді Әуезовпен бірге лекция оқи бастадым. Содан 1961 жылғы маусымда ұлы ұстазымыз соңғы сапарға аттанғанға дейін ағалы - інілі адамдай (ол-ұстаз, мен-шәкірт) жұп жазбастан бірге жүрдік. Одан кейінгі ғұмыр түп - түгел университеттегі Әуезов дәстүрін жалғастыруға арналды. Осы миссиямен жүріп ғылым докторы, профессор, академик болдым. Студенттер туралы тұңғыш романым "Ұшқын", студенттерге арналған тұңғыш оқулығым "Сөз өнері", тіпті күні

кешегі "Менің Әуезовіме" дейін... бәрі осында жазылды.

Жазушымын десем Одағым бар, ғалыммын десем Академиям бар, бірақ не керемет екенін білмеймін, өзім ғұмыр бойы ұстаздық етіп келе жатқан Университетім солардың бәрінен ыстық. Өйткені Ол - мен ұшқан ұя, мен қонған қия!



Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп академиясының толық мүшесі (академигі), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры



А.Т. ЛУКЬЯНОВ,
академик НАН РК, доктор физ.-мат. наук, профессор кафедры вычислительной и прикладной математики

**Қадірлі қонақтар!
Құрметті әріптес-ұстаздар!
Студент жастар мен оқушылар!**

Өздеріңізге мәлім, үстіміздегі жылдың 15 қаңтарында ұлттық білім мен мәдениетіміздің кара шаңырағы, қоғамымыздың әр түрлі салаларына кәсіби деңгейі жоғары білікті мамандар даярлауға сүбелі үлес қосып келе жатқан қадірлі оқу ордамыз - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 68 жыл толып отыр. Бұл туған күн тойы салтанатының ерекше мәнді болып отырған себебі - ұлттық университетіміз жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықты жылдар бойына қалыптасқан данқты мәртебесіне сай елеулі табыстармен қарсы ала білді.

ҚазҰУ - білім мен тәрбиенің алтын тамыры

Өткен жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған "Менің Қазақстаным" фестивалі университет көлемінде лайықты дәрежеде өтті. Егемендігіміз көптеген іргелі мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен, ғылым ордаларымен шығармашылық ынтымақтастық байланыстарымызды бекітуге оң ықпалын тигізді. Бүгінде ҚазҰУ - әлемдік білім беру кеңістігінде өзіндік орнын айқындаған білім ордаларының бірі.

Тәуелсіз халықтың ертеңгі нұрлы болашағы үшін қалтқысыз қызмет ететін білімді, білікті, озық ойлы, мәдениетті, парасатты мамандарды қалыптастыру - аса маңызды міндет. Мойнымызға артқан аманат жүгі ауыр. Осынау салмағы сан батпан міндет, парыз жүгін алдағы уақыттарда да жұмыла көтеретінімізге сенімдімін.

Қоғамның саяси құрылымының барлық сатысында, экономика, сауда, бизнес, мәдениет, ғылым, спорт және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында ересен еңбек етіп, еліне еленіп жүрген көптеген танымал

тұлғалардың ҚазҰУ түлектері екенін біз орынды мақтаныш етеміз.

Қара шаңырағымыздың бүгінгі ғылыми, техникалық, педагогикалық құрылымы дүние жүзінің ең ірі оқу орындарымен иық теңестіре алады.

Мұнда талабы зор студент жастардың жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған. Олар үшін таңдаған пәні бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, әлемдік Интернет жүйесімен байланысуға, электронды почтаны, электронды кітапхана каталогын пайдалануға немесе спорт кешеніндегі жоғары дәрежеде жабдықталған тренажер залдарында сүйікті спорт түрлерімен шұғылдануға толық мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, академик Ө. А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында өткізілетін түрлі мәдени шараларда өнер көрсетіп, университет қалашығында орналасқан дәрігерлік бөлімшенің, Тамақтану комбинаты асханасының қызметтерін арнаулы жеңілдікпен пайдалана алады.

Басшы ретінде университет ұстаздары

мен қызметкерлері, студенттері мен магистранттары, аспиранттары мен докторанттары келешекте де кемел оқу парасатты пайыммен өнімді еңбек етуін жалғастыра береріне сенімді мол.

Қазақ ұлттық университеті болашақта алдыңғы қатарлы оқу ордасы, білім кені, ғылым орталығы болумен ғана шектелмей, іргелі мәдениет кешеніне айналады, оқу-өнер байрағын жоғары желбіретіп қана қоймай, сонымен қатар мамандықтан бұрын адамдыққа тәрбиелейтін бағытты берік ұстанады деп білемін.

Университетіміздің туған күні құтты болсын! Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен құттықтай отырып, қажымас қайрат, зор денсаулық тілеймін!



Ж. Ә. ӘУБӘКІРОВ,
экономика ғылымдарының докторы, экономика теориясы кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА-ның академигі

Университет - моя жизнь

2001 год для меня знаменателен тем, что я был награжден правительством Украины медалью "Защитник Отечества" - за участие в обороне Киева. До сих пор помнятся бои 1941 года, когда началась война. Такими медалями наградили 20 человек из Казахстана.

Радуется также и то, что у меня с соавторами вышла книга "Математическое моделирование каталитического окисления газовых смесей".

Ну и, конечно, самое главное - правительство нашей республики наградило меня Орденом "Парасат". Это

меня очень обрадовало, ведь с университетом связана вся моя жизнь. Все успехи в работе были достигнуты здесь. Хорошо помню университет послевоенных лет. И нынешний университет хотел бы видеть процветающим, чтобы наука в нем была на высоте. Особенно хочется, чтобы развивались фундаментальные науки. Хотелось бы видеть среди наших выпускников и лауреатов Нобелевских премий. Для этого нам всем нужно серьезно работать и добиваться, чтобы наши студенты серьезно и глубоко изучали науку и были широко образованными людьми.

ҚазҰУ - әлемге мәлім оқу орны

Қазаққа кара шаңырақ, үлкен үй деген ұғым бар. Ұлтымыздың киелі бір ордасы әл-Фараби атындағы ұлттық университет 1934 жылы 15 қаңтарда отау тігіп, қазір атышулы әлемге мәлім жоғары оқу орнына айналды. Осы университет қабырғасынан мыңдаған жастар білім алып, еліміздің экономикасы мен мәдениетіне ойдағыдай үлес қосты. Қазірде ҚазҰУ түлектері егеменді елдің мақтанышы десек, артық болмас.

Университеттің басты байлығы - ондағы дәріс беріп, тәрбие жүргізуші ұстаздар, қазіргі таңда олардың ішінде 250-ге жуық ғылым докторлары,

профессорлар, 700-дей ғылым кандидаттары, доценттер бар.

Университет студенттеріне ізгі тілек ретінде айтарым - ҚазҰУ-дің көп жылдар жинақтаған дәстүрін ұлғайта отырып, үшінші мыңжылдыққа бет алған еліміздің білікті, көрнекті азаматы атануға, Елбасы белгілеген болашаққа сүбелі үлес қосуға дайын болып, шын мәнінде абыройлы азамат, ғалым-қайраткер атануға ұмтылындар!

Өмірде кездесетін қиыншылықтарға берілмей қажырлы еңбек, творчестволық ойлау шеңберін игеріп, жарқын мінезді халықтың ұл-қыздары қатарына қосылындар!



Біз туралы

**Марин НЕМЕЧЕК, АҚШ,
Оклахома мемлекеттік
университетінің профессоры:**

**“...Мен Қазақ ұлттық университетін
әлемдегі ең озық жоғары оқу орындары
қатарынан көремін...”**



**Ш.С. СМАҒҰЛОВ,
механика-
математика
факультетінің
деканы, ф.-м.ғ.д.,
профессор, ҚР
инженерлік
академиясының
корреспондент-
мүшесі**

Техника тілі — заман тілі

1. Ескі жылдың ерекшеліктеріне тоқталар болсақ; ғылыми жетістіктерге ел назарын аудару нәтижесінде ғылымға ынтызар жастардың магистратурада оқуына мол мүмкіндіктің жасалуы. Бұрын соңды болмаған,

ғылымның екінші сатысына түсушілерге орынның жеткілікті бөлінуі осыны айғақтайды. Рейтингік жүйеден бас тарту қажетсіз қағазбастылықтан арылтып, бекер шығындарға қаржы жұмсалыуына тосқауыл қойды. Компьютерлік жабдықтау мәселелерін қамтитын “информатика” мамандығының ашылуы да біз үшін бір белес. Қазіргі заманғы техникалық-технологиялық қажеттіліктерді ескеріп, биылғы жылы математикалық және компьютерлік моделдеу мамандығын ашу сияқты іс-шаралар басталып жатыр. Университет басшылығының факультетімізге жаңа компьютерлік кластар бөлінуіне, қазақ тіліндегі оқу процесіне қатысты материалдарды басып шығаруға қол ұшын беруден аянбауы біздің шығармашылығымызға деген қамқорлықты білдірсе керек. Ұжыммыздағы қызметкерлердің университет ректорынан бастап, Елбасының марапаттауларына ие болуы өткен жылғы еңбегіміздің еш кетпегендігінің белгісі.

2. Республикамыздың өркендеуі мен гүлденуі-жастарға бүгіндей тәуелді. Бұл орайда әуелі мамандықпен гөрі адамдық қасиеттердің алда тұруы түсінікті жай. Жастарды жаны таза, пейілі кең, рухани жан дүниесі

терең, озық ойлы азаматтар болуына сай тәрбиелеу - қашаннан қағидамыз. Факультетімізде мың бұралған би, күмбірлеген күй, өзіл-оспақ, жүрек-жарды жырлар жазуға, имандылық әдептерін қастерлеуге жан-тәнімен берілген жастарымыз жетерлік. Тек қасаң формуламен семіп қалмай, түрлі деңгейдегі конкурс-байқауларда жүлделі орыннан құр қалмайтын студенттеріміздің барлығы қуантады. Биылғы жылдан ұлт аспаптар оркестрін, өн-би топтарын, тәртіп сақшылары жасақтарын құру, әрбір оқу топтарындағы тәрбие жұмысын жандандыру мақсатындағы шаралар белгіленіп отыр.

3. Дарындар мен ғалымдардың ордасы - ұлттық университетіміздің ел игілігіне еңбек ететін, халыққа қалаулылар дайындау жолындағы мәртебесі биіктей берсін!

Пәлсапа - өзіңді өзің тану ғылымы

1. Жаңадан егемендік алған жас мемлекетімізге білікті мамандар қажеттілігі күмәнсіз. Елбасының 2030 стратегиялық даму бағдарламасында атап көрсеткендей “кәсіби өмбебап маман” дайындау процесіне факультет ұжымы ерекше атсалысуда.

Осы бағытта факультетте политология, философия, социология, психология салалары бойынша мамандар дайындайды. Бұл мамандықтарға деген сұраныс елімізде күннен күнге артауда.

Сонымен қатар факультетте заман талабына байланысты сұраныстан туындаған жаңадан “әлеуметтік жұмыс”, “дінтану” мамандықтары ашылды. Өткен жылы осы аталған мамандықтарға барлығы 73 студент қабылданды.

Факультетте, сондай-ақ, 4 арнаулы мамандандырылған докторлық және 1 кандидаттық диссертациялық кеңестер жұмыс істейді.

Факультетімізде халықаралық байланыс жүйесі де жақсы жолға қойылған. АҚШ-тың Оклахома университетімен екі жақты оқытушылар мен аспиранттар алмасу мәселесі де шешілген.

2. Студенттерді мамандықпен қоса адамдыққа баулуға байланысты бірнеше үйірмелер жұмыс жасайды. Атап айтсақ, жас психологтар ұйымы “Рух”, саясаттанушылардың пікірталас “Дебат” клубы, философтардың “Кіші Фараби академиясы”.

Бұл үйірмелерде студенттердің шығармашылық рухын көтеруге барлық жағдай жасалған. Аталған құрылымдар

қызметін факультеттің білікті оқытушылары басқарады.

Сондай-ақ, факультет университет көлемінде өтіп жатқан әр түрлі мәдени-тәрбиелік шараларға да атсалысуда. Үйірме мүшелері тәуелсіздіктің 10 жылдығына байланысты университет көлемінде ұйымдастырылған фестивальға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті елімізде шын мәніндегі дара оқу орны. Университеттің жылдар бойы қалыптасқан тамаша дәстүрлері бар. Алдағы жылы осы дәстүрлер мейілінше толығына және толыса түседі деген ойдамыз.

Университеттің профессорлар-оқытушылар ұжымына алдағы жылы да биік табыстардан көрінуіне тілектеспіз!



Ғ.Е. ЕСІМ, философия және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі

✓ Наши специальности:

- 020100 Философия
- 520130 Философия
- 020200 Политология
- 520230 Политология
- 520400 Культурология
- 520700 Социология
- 521800 Религиоведение
- 521500 Социальная работа
- 020900 Психология
- 520940 Психология

• Біздің сауалнама:

1. Сіз басқарып отырған ұжым үшін өткен жыл несімен ерекшеленді? Жалпы факультет өмірінен бір-екі ауыз сөз.
2. Қазіргі таңда жас ұрпақты мамандыққа бауладан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне енді десек, осы бағытта ұжымдарыңызда қандай іс-шаралар атқарылуда?
3. Туған күнге тілек.

Тіршілік әлемінің тылсымы көп

1. Өткен 2001 жылдың ең үлкен ерекшелігі - Қазақстанның тәуелсіз ел атануына он жыл толуын көзіміз көріп, осы мерекені бүкіл ел болып тойлағанымыз!

Адам баласы үшін дүниедегі ең қымбат нәрсе - тіршілік. Тіршілік бар жерде бәрі бар. Ал, саналы да ақылды тіршіліктің өкілі немесе иесі - адамзат. Тіршілік дүниесін БИОЛОГИЯ ғылымы зерттейді. Ал енді осы биолог мамандарды дайындауда Қазақстан жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып құрылып, содан бергі 68 жылдай уақыт бедерінде мемлекетімізге көптеген білікті мамандар мен атакты биолог-ғалымдарды даярлауда биология факультетінің қосқан үлесі де зор. Қазір факультетте 80-нен астам ұстаздар қызмет істейді, олардың ішінде 2 ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелері, 14 ғылым докторлары мен профессорлар; 50 ғылым кандидаттары мен доценттер және аға оқытушылар бар. Факультетте 2 ғылыми-зерттеу институттары: “Биология және биотехнология мәселелері” және “Экология мәселелері” ашылып, оларда зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Факультет 5 мамандық бойынша: Биология, Экология және табиғатты пайдалану, Медико-биологиялық іс, Биотехнология, Балық шаруашылығы және ихтиология салаларында жоғарғы және жоғарғы арнаулы білімді мамандар дайындайды. Өткен жылы біздің ғалымдар 3 шетелдік гранттарды жеңіп алды.

2. Студенттерді дайындау сапасын жақсарту үшін академиялық институттармен және өндірістермен байланыстарды дамыту жолында үлкен жұмыстар жүргізіледі. Факультет түлектерінің АҚШ-тың,



Р.І. БЕРСІМБАЕВ, биология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі

Англияның, Францияның, Австрияның, Данияның, Жапонияның, Германияның, Ресейдің, Израильдің және т.б. белгілі ғылыми орталықтарында қызмет атқарулары олардың факультетте сапалы білім алғаны деп есептеуге болады. Факультетте қазір докторлық диссертация қорғайтын екі диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Бірақ егеменді ел болып, өркениетті мемлекеттердің қатарына қосыламыз десек, ғылым мен білімнің биік шыңдарына жетеміз десек, алға қойған мақсаттарымыз одан да зор болуы керек деген ойдамын. Студенттерге сапалы білім берудегі, оларды адамдыққа тәрбиелеу мәселесіндегі қыруар жұмыстар әлі алдымызда.

3. Аса құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, өріптестер және қадірлі студенттер! Университетіміздің құрылғанына 68 толуына байланысты сіздерге мықты денсаулық, үлкен бақыт тілеймін. Өрқашан абыройларыңыз артып, табыстан табыстарға жете беріңіздер! Университеттің келе жатқан 70 жылдық мерейтойын үлкен жетістіктермен қарсы алайық!

✓ Наши специальности:

- 010800 Биология
- 510800 Биология
- 010900 Экология и природопользование
- 510900 Экология
- 040800 Медико-биологическое дело
- 120100 Биотехнология (по отраслям)
- 541200 Биотехнология
- 451000 Ихтиология, промышленное рыболовство и рыбохозяйство

✓ Наши специальности:

- 1501 Информационные системы в бизнесе
- 010100 Математика
- 510100 Математика
- 010200 Прикладная математика
- 510200 Прикладная математика и информатика
- 010300 Механика
- 510300 Механика
- 010500 Информатика
- 091300 Информационные системы (по отраслям и областям применения)
- 541500 Информационные системы (по отраслям и областям применения)



Біз туралы

**Тұманбай
МОЛДАҒАЛИЕВ:**

*“ҚазҰУ - менің
анам, Отаным!
Басқа оқу орындары
көп қой, бірақ осы
жер маған ыстық.”*

Жүрсін ЕРМАНОВ:

*“ҚазҰУ - біз үшін
киелі білім ордасы,
бас киімімізді шешіп
кіретін қастерлі де
құтты
шаңырағымыз!”*



**Е.Б. ЖАТКАНБАЕВ, декан факультета
международных отношений,
д.э.н., профессор**

Блестящие перспективы

1. Прошедший 2001 год для коллектива ФМО знаменателен тем, что в составе и структуре факультета произошли изменения в сторону увеличения. На факультете появились специальности “Мировая экономика” и “Регионоведение”. Увеличилось до 1500 число студентов, увеличилось число кафедр и преподавателей.

2. В усилении воспитательной работы, кроме традиционных форм работы со стороны профессорско-преподавательского состава, большую самостоятельность даем самим студентам.

Студенческий маслихат, профбюро факультета самостоятельно, инициативно разрабатывают и привлекают студентов к различным факультетским, университетским мероприятиям, выявляют талантливых самородков, проводят концерты, заседания дебатного клуба, научные студенческие конференции и многие другие мероприятия воспитательного характера.

3. Университету - процветания и постоянного набора в студенческий состав самых умных, культурных, человеческих молодых людей и блестящих им перспектив на избранной стезе.

✓ Наши специальности:

- 090100 **Международные отношения**
- 540200 **Международное право**
- 090200 **Международное право**
- 020600 **Регионоведение**
- 520600 **Регионоведение**



Тылым дүниенің сырын білу - болашақ Галилейлердің міндеті

1. XXI ғасырдың бірінші жылы ішінде 5 мамандық бойынша тендер ұтып алып мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттары дайындалды, 10 мамандық бойынша студенттер қабылданды. Университет басқармасы көмегімен ғимаратымыз керемет жөнделді. Тәуелсіздік күніне орай факультеттерге сыйланған жаңа компьютерлік сыныптарға ие болдық.

Бізде мамандарды қазақ, орыс

тілдерімен қоса, ағылшын және неміс тілдерінде оқытып шығаратын арнайы бөлім бар.

Факультетімізде жалпы 6 кафедра және бір ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Кафедраларымыздың теориялық физика, жылу және молекулалық физика, қатты дене физикасы, ядролық физика, оптика және плазма физикасы, электроника және бейсызықтық физикасы деп аталуы

✓ Наши специальности:

- 010400 **физика (в т.ч. спецотделение)**
- 510400 **физика (в т.ч. спецотделение)**
- 091300 **Информационные системы (по отраслям и областям применения)**
- 110100 **Теплофизика**
- 110200 **Техника и физика низких температур**
- 110400 **Ядерные реакторы и энергетические установки**
- 110700 **Радиофизика и электроника**
- 130100 **Материаловедение и технология материалов (по отраслям и областям применения)**
- 551630 **Стандартизация и сертификация и метрология**

• Біздің сауалнама:

1. Сіз басқарып отырған ұжым үшін өткен жыл несімен ерекшеленді? Жалпы факультет өмірінен бір-екі ауыз сөз.
2. Қазіргі таңда жас ұрпақты мамандыққа баулудан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне енді десек, осы бағытта ұжымдарыңызда қандай іс-шаралар атқарылуда?
3. Туған күнге тілек.

История пишется сегодня

1. Исторический факультет КазНУ им. аль-Фараби является одним из старейших факультетов нашего университета. Среди выпускников разных лет — известные ученые, академики, чл.-корреспонденты НАН РК М.К. Козыбаев, М.Х. Асылбеков, Т.С. Садыков, К.Н. Нурпеисов и др. Выпускниками истфака являются такие известные люди, как Д. Назарбаева, А. Кусайнов, К. Абдрахманов, А. Волков и др. На факультете ныне работают опытные доктора наук, профессора, многие из которых имеют научные школы по проблемам отечественной и зарубежной истории, археологии и этнологии: Д.И. Дулатова, С.К. Жакупбеков, У.Х. Шалекенов, К.Т. Жумагулов, М.К. Койгелдиев, Т.О. Омарбеков, К.С. Каражанов, Ж.К. Таймагамбетов, А.Т. Толеубаев, С.Ж. Жолдасбаев, С.М. Машимбаев и др. Профессора и преподаватели истфака поддерживают постоянную связь со школами и учреждениями образования в различных регионах республики, их усилиями написаны учебники по истории Казахстана и всемирной истории и для школ.

В минувшем 2001 году истфак КазНУ стал победителем Госстандартов среди университетов страны по всем основным специальностям, таким, как “история”, “архивоведение”, “археология и этнология”. Впервые в нашей стране появилась новая междисциплинарная специальность, отвечающая духу времени — “история, основы права и экономики”, на которую поступило свыше 100 человек. Открыт музей палеолита, который становится одним из значительных музеев Алматы и Казахстана. Расширяются международные научные контакты с ближним и дальним зарубежьем. Ученые факультета проводят совместные научные исследования со специалистами России, Германии, Турции, Японии, Китая, Киргизии, Узбекистана и др.

Благодаря усилиям ректора Т.А. Кожамкулова укреплены магистратура, аспирантура, докторантура. Так, в августе 2001 г. в магистратуру факультета зачислено 44 чел., что в два раза больше, чем в 2000 г. Студенты получили, наконец, оснащенный современными компьютерами класс. На факультете действует тем самым система непрерывной подготовки специалистов, включающая бакалавриат, магистратуру, аспирантуру, докторантуру. Предусмотрено прохождение стажировки студентов, магистрантов и аспирантов в ведущих образовательных и научных центрах дальнего зарубежья. В 2002 году истфак продолжит работу по подготовке высококвалифицированных специалистов в области отечественной и зарубежной истории, археологии и этнологии, музееведения, архивоведения и краеведения. Ближайшие этих направлений будет осуществляться набор на спецотделение с 5-летним сроком обучения, с квалификацией “историк со



**Ә.С. АСҚАРОВА, физика
факультетінің деканы,
Ф.-м.ғ.д., профессор**

какой бағыттарда мамандар дайындайтынымызды аңғартады. Өзімізде арнайы ғылыми-зерттеу институтының болуы екі жақты пайдалы: ұстаздарымыз бір жағынан сабақ береді, екінші жағынан, ғылыми жұмыстар жүргізеді және шәкірттерін ізденіске үйретіп, ғылымға баулиды. Былайша айтқанда, бұл бізде оқу-лабораториялық және теориялық-практикалық жақсы база қалыптасқан.

2. Заманның талабына қарай, оқу бағдарламасы мен әдістемелік жұмыстарға, оқу процестеріне біршама өзгерістер мен жаңалықтар енгізілген. Бұл тұрғыдан білім беру мәселесімен бірге жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге, отаншыл ұл-қыздарды дайындауға да көңіл бөлуіміз. Бұл бағытта атқарылар іс-шаралардың нәтижесі болашақтың үлесінде деп білемін.

3. ҚазҰУ-дің туған күнімен біздің барлық оқытушыларды, қызметкерлерді, студенттерді құттықтай отырып, зор денсаулық, жұмыстарына табыс тілеймін.



**К.Т. ЖУМАГУЛОВ, декан исторического
факультета, д.и.н., профессор, почетный профессор
Геттингенского университета (Германия)**

знанием иностранного языка”. Выпускники факультета являются востребованными специалистами как в сфере образования, науки и культуры, так и в государственных и общественных организациях.

2. В прошлом году профессора и преподаватели факультета активно участвовали на международных конференциях, посвященных 10-летию Республики Казахстан (У.Х. Шалекенов, К.Т. Жумагулов, М.К. Койгелдиев, А.Т. Толеубаев, С.М. Машимбаев, В.С. Осколков, Н.Д. Нуртазина и др. На факультете проведена Республиканская научно-теоретическая конференция “Проблемы всемирной истории в контексте современной казахстанской науки”, посвященная 10-летию кафедры истории древнего мира и средних веков. Проф. Ж.К. Таймагамбетов стал лауреатом премии им. Ч.Валиханова. Докторант Н.Д. Нуртазина получила I премию Духовного Управления мусульман Казахстана по итогам Республиканского конкурса по исламской тематике. Студенты факультета заняли 3-е место в юбилейном фестивале “Менің Қазақстаным”, команда КВН вышла в финал среди факультетских команд, есть спортивные достижения и т.д.

3. В день основания КазГУ хотелось бы пожелать всему коллективу ведущего университета страны новых успехов в развитии и укреплении образования, науки и культуры нашего государства.

✓ Наши специальности:

- 020300 **История (в т.ч. спецотделение)**
- 520300 **История (в т.ч. спецотделение)**
- 020800 **Археология и этнология**
- 021900 **Архивоведение**
- 030500 **История, основы права и экономики**
- 061700 **Музейное дело и охрана памятников**



Біз туралы

Сүй ТАО, ҚХР-дың қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды зерттеу орталығының аға маманы, доцент:

“...Бұл оқу орнының ең басты ерекшелігі - мұнда аса қорнекті ғалым-мамандардан ұстаздар қосыны жасақталған”.

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры

1. Өткен жыл – бүкіл қазақ елінің тарихында алтын әріптермен жазылып қалатын жыл. Тәуелсіздігіміздің 10-жылдығын дүбірлете, есте қаларлықтай етіп өткізген жыл ретінде біздің ұжым жадында қалды деген ойдамын. Университет басшылығындағы өзгерістер біздің факультетке де жағымды жаңалықтар әкелгендігін жұрт біледі. “Бір адам таққа қонса, қырық адам атқа қонады” – деген халық даналығының ақиқат көрінісі болар – бұл өзгерістер. Ең бастысы - үлкен сенім, жоғары жауапкершілік, жаңа міндеттер жүктеледі ұжым алдына. Өз ісмізді кідірместен, мүдiрместен бірден бастап кеттік.

Мәселен өткен “қараша, желтоқсанмен сол бір екі айда” 20-дан астам мәдени, ғылыми шаралар атқарылды. 1-курс студенттерінің күшімен “Аспект” вокалді-аспапты ансамблін құрдық. Факультет оқытушылары мен студенттері арасында футбол, волейбол, стол теннисінен спорт сайысын өткіздік. JREX, ACCELS халықаралық қорларының Қазақстандағы өкілдері С.С.Молдабекова, Ғ.Хасанова, Ш.Каримовалармен кездесіп, оқытушылар мен студенттерге түсіндіру жұмысын жүргіздік. Соның нәтижесінде 5 оқытушы JREX қорының грантын ұтып алудың алғашқы сатысынан өтті. Университетте өткен студент-ақындар айтысына факультеттен 6 адам қатысты. Магистр Ж.Тауышева бас жүлдені иеленді. АҚШ-тан арнайы келген профессор Морин Немечек “11 қыркүйектегі террористік әрекеттердің америка журналистикасындағы көрінісі” деген тақырыпта сирек бейнематериалдарды пайдалана отырып, презентация жасады. Қазақстан Жазушылар Одағында өткен ақындар Ш.Мұхамеджановтың, Ө.Дүйсенбіевтің, Ж.Нәжімеденовтің творчестволық кештеріне шәкірттеріміз белсене қатысты. Жатақханада “Алтын күз” мерекесі, пікірсайыс жарысы, поэзия кеші болды. “Үздік қабат”, “Үздік бөлме” айқындалды. Сонымен қатар “Жас Алаш”, “Ана тілі” газеттерінің, “Қазақ радиосының”, ЮСА телеканалының творчестволық ұжымдарымен қызықты кәсіби кездесулер ұйымдастырылды.

Қадыр Мырза Әлимен өткен кеште, ақын өзінің 12-томдық шығармалар жинағын факультеттің оқу залына тарту етті. М.О.Әуезовтың туған күніне арналған дәстүрлі кешке жазушылар Қ.Жұмалилов, С.Мұратбеков шақырылды. Профессор Т.С.Амандосовтың 80-жылдық мерейтойына орай өткен республикалық ғылыми конференцияның тағалымдық мәні зор болды. Ал жалпы саны 112 баяндама келіп түскен, “Қазақстан республикасының ақпараттық кеңістігінің дамуы: онжылдық тәжірибе” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Валери Терри (АҚШ), Будак Фейзуллах (Турция), Штоль Фердинанд (Германия), Дзебо Ван (Қытай), Әбдігани Халилов (Қырғызстан), т.б. шетелдік меймандар қатысып, сөз сөйледі. Университетімізде өткен “Менің Қазақстаным” фестивалінде факультетіміздің 1-орынды жеңіп алуы да өнерлі шәкірттеріміздің өрісінің кеңеюі деп білеміз.

2. Жоғарыда өткізілген мәдени, рухани шаралардың бөрі болашақта жалғасын табады. Қазір бізде оқитын 1000-ға тарта шәкірт ертен БАҚ-та жұмыс істейді. Сондықтан елге сөз айтатын, сөз болғанда да мемлекетімізді нығайтатын сөз айтатын адамдар тәрбиелеу оңай емес. Журналист мамандығын иеленетін әрбір жас – ең алдымен, Отанның сүйетін, ұлттық тәлімі мол, жан-жақты білімді білікті, парасатты, өнерлі, жаны, тәні сау азамат болуы керек. Дәл сондай адамды қалыптастыру үшін көп жұмыстар атқарамыз. Бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Оның нәтижесін уақыт, алдағы жылдар көрсетеді.

3. 15-қаңтар – университетіміздің туған күні. Бұл күн, әсіресе, осы білім ордасында оқыған, есейген, қызмет атқаратын жандар үшін – ең асыл, ең жарқын күн болуы қажет.



Б.Ə. ЖАҚЫП, журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент, “Дарын” мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Өткен ғасырдың басында классик жазушы Бейімбет Майлин “Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз”, - деген қанатты сөз қалдырған. Ол сөз бүгін де мәнін жойған жоқ. “Гүлденсе университет, гүлденеміз бәріміз!” – деп айтуға да болар. Оқытушымыз бар, студентіміз бар сол ұлттық университетіміздің абыройын асқақтатуға қызмет етейік, күш қосайық!

✓ Наши специальности:

- 521000 Журналистика
- 021600 Журналистика
- 091100 Издательское дело
- 090800 Связи с общественностью



Е.Ш. РАХМЕТОВ, заң факультетінің деканы, з.ғ.к., доцент

Жарғы тануға жаңаша көзқарас қажет

1. Факультетіміз өмірінде өткен жылы тәуелсіздіктің 10 жылдығына байланысты бірнеше халықаралық ғылыми конференциялар, заң ғылымдары бойынша 4-інші дәстүрлі республикалық студенттік олимпиада болып өтті.

Аталмыш олимпиадаға Қазақстанның 12 облысының 20-дан астам жоғары оқу орындарында тәлім алып жатқан болашақ заңгерлер қатысты.

Сонымен бірге аталған шаралармен шектеліп қоймай, “Заң газетінің 10 қаңтар 2001 ж. санында жарық көрген “Елімізде заң білімі туралы концепция қажет” деген мақаладағы ғалымдарымыз көтеріп отырған келелі мәселелерді оқу процесінде басшылыққа алудамыз. Концепцияда көрсетілген ұсыныс – болашақ заңгерлердің оқу мерзімін 5 жылға ауыстыру 2001 жылдың 22 ақпанында өткен ректорлар кеңесінде қаралып, қолдау тапты.

2. Қазіргі таңда заң факультетінде 9 кафедра - қылмыстық құқық (сот, прокуратура, полиция), салықтық құқық (кеден және салық), мемлекеттік құқық

(мемлекеттік басқару органдарының жұмысы), азаматтық және кәсіпкерлік құқық (азаматтық қоғам төңірегіндегі жұмыс) мамандықтары бойынша мамандар дайындауда.

Соңғы үлгідегі компьютерлендірілген үш класс, еліміз бойынша ең озық деңгейдегі криминалистикалық лаборатория, кітапхана залдары, заң саласына арналған арнайы оқу құралдарын басып шығаратын оқу-әдістемелік лаборатория, шет тілдерін оқып-үйренуге лайықталынып арнайы жабдықталған бөлме студенттердің жан-жақты, терең білім алуына толық мүмкіндік тудырып отыр.

Факультетіміздегі 17 ғылым докторлары мен 41 ғылым кандидаттарынан құралған ұстаздар тобы студенттерге сапалы білім беруді ұлттық тәрбиемен ұштастыра жүргізуде. Сондай-ақ, жас ұрпақты мамандыққа бауладан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мақсатында факультет жанында студенттік үйірмелер және ұйымдар, нашақорлыққа қарсы топтар жұмыс істейді. Үйірме мүшелері факультеттегі өнерлі студенттердің қатысуымен әр түрлі сайыстар, концерттер ұйымдастырып отырады.

3. XXI ғасырда университетіміздің мерейі үстем болып, әлемдегі жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарынан табылсын демекпіз.

● Біздің сауалнама:

1. Сіз басқарып отырған ұжым үшін өткен жыл несімен ерекшеленді? Жалпы факультет өмірінен бір-екі ауыз сөз.
2. Қазіргі таңда жас ұрпақты мамандыққа бауладан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне енді десек, осы бағытта ұжымдарыңызда қандай іс-шаралар атқарылуда?
3. Туған күнге тілек.

Қ. М. БАЙМЫРЗАЕВ, география факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент



Жағырапия – жер тану, ел тану

1. Ақылды “айдаһар” жылы, Тәуелсіздігімізге 10 жыл толған жыл, біздің география факультеті үшін жетістікке толы “ашпас әліп” жылы болды. Оқу үлгерімі жағынан бұрын-соңды болмаған үлкен дәрежеге жеттік. Факультеттің барлық мамандықтары бойынша қазақ топтары қалыптасты және бірінші рет барлық мамандықтарға мемлекеттік тілде оқитын талапкерлер қабылданды. Өз мамандарымыз арасынан кандидаттық диссертация қорғалып, Жоғарғы аттестациялық комиссиясында бекітілді (физикалық география кафедрасының аға оқытушысы Нұржан Керімбай). Ер жасы елуге келген профессор Ахметқал Медеудің, алпысқа толған ақсақалдарымыз доцент Мүбәрак Тілеуберген мен профессор Станислав Ердаулеттің, жетпіске толған профессор Анатолий Васильевич Чигаркиннің мерейтойлары факультет бойынша аталып өтті. Спорт, өнер-білім жағынан жетістігіміз өз алдына. Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына орай өткізілген “Өзге халықтардың арасында мемлекеттік тілді игеру” жарысында да жүлделі орынға ие болдық. Өткенге салауат, болашаққа береке демекпіз.

✓ Наши специальности:

- 511000 География
- 011300 Гидрология
- 511200 Гидрометеорология
- 011200 Метеорология
- 170300 Прикладная экология (по отраслям)
- 080100 Туризм (по видам деятельности)

2. Әрине, ұлағатты ұстаздарымыздың жас ұрпаққа білікті білім беруден басқа оларды дұрыс бағытта тәрбиелеуі - ең басты парызымыздың бірі. Аумалы-төкпелі заманда, миссионерлердің неше түрлі діндерлі ұағыздап жүрген жұмысы өрекеттеріне өсірілшіл жас бұын еліктеп кетпес үшін тәлім-тәрбиелік жұмыстар жүргізілуде. Ұстаздар тобы, кураторлар, студенттер жатақханасына барып, олардың тыныс-тіршілігімен танысып, ұлағаты өмір салты туралы тәрбиелік жұмыстар жүргізіп тұрады. Әрбір куратор өз тобы туралы, әр студенттің отбасы, оқу барысы, жалпы жағдайы туралы деканға толық мағлұмат беріп тұрады. Әрине мұның әр түрлі олқылықтарды жоюға тигізер әсері мол. Сонымен қатар студенттер жалпы “Жастар наркотикке қарсы” акциясына да қатысты. “Баланы жастан” деген.

3. Міне, ҚазҰУ—де география саласы бойынша мамандар дайындалып келе жатқанына 54 жыл толып отыр. Қазіргі нарық тұсында, халық шаруашылығының қай саласына болса да үлкен сұранысқа ие болатын эконом-географтардың, метеорологтардың, туризм менеджерлерінің, экологтардың т.б. географ-мамандардың қажеттілігі күн санап артып келеді.

Факультеттің ұстаздар ұжымы жас ұрпаққа үлгілі тәрбие мен сапалы білім беруде еселі еңбек ете бермек. Ұлттық университетіміздің туған күнімен ұлттық абыройын қорғап, мәртебесі арта берсін деп білеміз.



Менделеев ұрпағын тәрбиелеу - өмір талабы

Біз туралы

В.А.СИДОРОВИЧ, М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің проректоры, профессор:
“...ҚазҰУ-де шын мәнінде кадрларды лайықты дайындай алатын мамандар бар”.



Р.Е. ЕЛЕМЕСОВ, экономика және бизнес факультетінің деканы, э.ғ.д., профессор

Үнемділік – нарық қағидасы

1. Өткен 2001 жыл ең алдымен еліміздің тәуелсіздігінің 10 жылдығымен ерекшеленеді. Осы 10-жылдықты тойлау шеңберінде экономика мен бизнес факультеті студенттер мен оқытушылардың қатысуымен көптеген конференциялар, концерттер, спорт жарыстарын өткізді және университет деңгейінде өткізілген іс-шараларға белсенді түрде араласты.

Өткен жыл біз үшін экономика мамандығының Қазақ ұлттық университетінде шаңырағын қайта көтерген жыл есебінде есте қалады. Экономика факультетіне 50 жылдан асқанымен, бұл факультет көбінесе басқа мамандықтармен қосылып, аты

да соған сәйкес өзгеріп отырған. Енді біз университеттің беделді деген факультеттерімен теңесіп, “экономикалық ұжым” есебінде қалыптаса бастадық та, басқалармен тереземіз теңдескендей болды. Бұл сезім факультеттің болашағы үлкен екендігіне деген сеніммен ұласып жатыр.

2. Мұндай мәдени шаралар оқуға нұқсанын келтірмей, оған қосымша жастарды өз отанына, тіліне, дәстүріне баулып, патриоттық сезімін көтеруге, басқа ұлт пен халықтармен достыққа, ынтымақтастыққа бағдарланған десем қателеспейтін шығармын. Факультетте өткізілген қазақ тілінен

жарыс, жемқорлыққа қарсы күреске арналған жылдық жоспар, студенттерді көркемөнерпаздық, спорттық, қоғамдық ұйымдарға тарту сияқты шаралар осы жастардың жан-жақты дамыған, өз отанының адал азаматы болып қалыптасуына көп ықпалын тигізетін жайттар деп есептеймін.

3. Ал университетіміздің туған күніне айтаптын тілек - Қазақстан оқу орындарының кара шаңырағы атағын одан ары көтеріп, ұлттық университет лауазымын халықаралық деңгейде жоғары ұстап, қазақ оқымыстылары, интеллигенциясы, творчестволық тұлғалары мен жастарының ордасы болуына тілектеспін.

✓ Наши специальности:

- 070100 Экономикалық теория
- 070900 Менеджмент организации (по отраслям)
- 520800 Экономика
- 070200 Экономика (по профилю)
- 522200 Менеджмент
- 070400 Государственное и местное управление
- 071000 Управление персоналом
- 070500 Маркетинг и коммерция
- 071100 Мировая экономика
- 070600 Финансы и кредит
- 071200 Математические методы в экономике
- 070700 Бухгалтерский учет и аудит
- 090300 Таможенное дело
- 070800 Экономика и управление на предприятии (по отраслям)
- 090900 Оценка (по отраслям и областям применения)

1. Химия факультетінің ұжымы жылдағыдай 2001 жылды айтарлықтай жетістіктермен шығарып салып отыр. Ұстаздар ұжымының арасынан химия ғылымдарының докторы, профессор Немеңбай Нұрахметұлы Нұрахметов мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанса, кешегі студентіміз, қазіргі аспирант Манғазбаева Рауаш Ресей ғылым академиясының студенттік ғылыми жұмыстарының жеңімпазы атанып, алтын медаль алды. Онымен қоса, өткен жылы профессорларымыз М.К. Наурызбаев, Р.Х. Ибрашева, З.А. Мансуров, Н.Н. Нұрахметов

✓ Наши специальности:

- 010700 Химия
- 510700 Химия
- 090600 Химическая, криминалистическая и экологическая экспертиза
- 390300 Химическая электротехнология и плазмохимия
- 390600 Химическая технология нефти, газа и угля
- 543900 Нефтехимия
- 390800 Химическая технология производства и переработки полимеров
- 390100 Химическая технология органических веществ и материалов
- 390200 Химическая технология неорганических веществ
- 390500 Химическая технология взрывчатых веществ и пиротехнических средств

президенттің білікті ғалымдар үшін тағайындалған стипендиясын, ал жас ғалымдар үшін тағайындалған стипендияның алтауын химия факультетінің жас ғалымдары иеленіп отыр.

2. Аталған жетістіктер, ұстаздар көрсеткен үлгінің өзі ең алдымен шәкірттерді адамгершілікке тәрбиелеуге жасалған қадамдардың бастамасы болып табылады. Бұдан өзге факультет ұжымы студенттерді университет деңгейінде өткізіліп жүрген шараларға қатысуға ұйымдастырып келеді. Нақты шараларды атымағанның өзінде факультет ұстаздары қай кезде де тәрбие мәселесіне көңіл бөліп отырады.

3. 2002 жылда факультет ұжымы бұдан да жоғары жетістіктерге жетеді деген ойдамыз. Университетіміз одан әрі көркейіп, жана табыстарға жете берсін.



Ж.Ә. ӘБІЛОВ, химия факультетінің деканы, х.ғ.д., профессор

● Біздің сауалнама:

1. Сіз басқарып отырған ұжым үшін өткен жыл несімен ерекшеленді? Жалпы факультет өмірінен бір-екі ауыз сөз.
2. Қазіргі таңда жас ұрпақты мамандыққа баурудан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне енді десек, осы бағытта ұжымдарыңызда қандай іс-шаралар атқарылуда?
3. Туған күнге тілек.

Н.Ә. АЛДАБЕК, шығыстану факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент



Имандылық негізі - Шығыста

1. Өткен 2001 жыл біздің Шығыстану факультетінің ұжымы үшін жаман болған жоқ. Студенттер әр түрлі тіл жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ, бірқатар студенттеріміз шетелде тәжірибе алмасудан өтуде.

Оқу ғимаратымызда өткен жылы әл-Фараби атындағы конференц-зал ашылды. Оны қазіргі заман талаптарына сай техникалық және басқа құралдармен жабдықтауда Сауд Арабиясы мен Жапон мемлекеттерінің көмегі зор болды.

Ұстаздарымыз да өз білім дәрежесін жоғарылатуда біраз табыстарға қол жеткізді дей аламыз. Арабтану кафедрасының екі оқытушысы Серікбаева Жанна, Жұбатова Баян араб филологиясы бойынша кандидаттық диссертацияларын табысты қорғап ғылым кандидаттары атанды.

Бірқатар ұстаздарымыз халықаралық конференцияларда баяндама жасап, шығыстану ғылымына өз үлестерін қосуда. Токова Гүлнар деген араб тілінің оқытушысы араб елдерінің грантын жеңіп алып қазір Мароккода тәжірибе жинақтап жүрсе, Алпысбаева Дамира Жапон білім министрлігінің грантын жеңіп алып, Жапонияда білімін жетілдіруде. Өткен жылы ұстаздарымыз 5 монографиялық еңбек, 10 оқу құралын шығарды.

Республика тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай факультеттің 7 ұстазы әр түрлі деңгейдегі марапаттауларға ие болды. Осының барлығы өткен жылдың жемісі. Сондықтан 2001 жылға өкпе жоқ. Алдағы жылда да жоғарғы табыстармен қарсы алсақ деген ойдамыз.

2. Биылғы оқу жылында әр топқа кураторлар тағайындадық. Олар студенттер арасында тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөлуде.

Біздің студенттеріміздің басқалардан ерекшелігі Шығыс елдерінің тілін оқып, тарихи мен мәдениетін үйреніп жатқандықтан, адамгершілік, үлкенді сыйлау, мемлекетке, отанға деген сүйіспеншілік деген ұғымдар шығыс елдерінің менталитетін өз еліміздің тарихымен салыстыра отырып жүргізілетіндіктен жастардың санасына жақсы сіңіріледі. Мұсылмандық тәрбие мәселесін студенттер сабақ арқылы да күнделікті санасына сіңіріп отырады. Студенттер мен ұстаздарымыздың көпшілігі имандылық, адамгершілік мәселесіне орай барлық салт-дәстүрлерге сәйкес іс-шаралар өткізеді. Ораза, наурыз мерекесі, т.б. арнайы кештер өтіп отырады.

Студенттердің өз күштерімен қазақ және орыс тілдерінде “Шығыс шығаласы” - “Заря Востока” атты студенттік газет шығару іске асырылды. Оның беттерінде әрине, студенттердің оқу-тәрбие мәселесі көрініс табады.

Басқа ұлт өкілдері арасында “Сен мемлекеттік тілді білесің бе?” деген тақырыпта бірнеше рет тәрбиелік мәні зор кештер өткізілді.

3. Қазақстанның білім беру саласының кара шаңырағы, көш бастаушы жоғарғы оқу орны - әл-Фараби атындағы Ұлттық университетіміздің беделі өрлей берсін. Дүниежүзінің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен иық тіресер, ғылым, білім, тәрбие беруде жоғарғы табыстарға қол жеткізер оқу орны болсын. Осы ұжымда еңбек етуші, білім алушы барлық азаматтарға үлкен абырой, зор табыстар тілеймін.

✓ Наши специальности:

- 020600 Регионоведение
- 520600 Регионоведение
- 022100 Востоковедение
- 522100 Востоковедение


Сөз қадірі - өз қадірің

Біз туралы

Аскарбек
ҚҰСАЙЫНОВ.

“Мектеп баспасы”
ААҚ президенті, п.ғ.д.,
профессор:

“...сіз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қақпасына ене бергенде бойыңызды жинайсыз. Себебі, ол - талай қарадомалаққа ұшан-теңіз білім нәрін құйған қасиетті қара шаңырақ. Ал екінші - жабылып қалған балабақшаның ескі ғимаратының орнына ашылған жекеменшік жоғары оқу ортында оқитын бала дәл жаңағыдай сезімде болмайды... Көрдіңіз бе, екеуінде екі түрлі сезім”.



К.А. АККУШКАРОВА, декан
подготовительного факультета для
иностранных граждан, к.ф.-м.н., профессор

Творческого взлета и попутного ветра!

1. Подводя итоги, могу сказать, что 2001 год был насыщенным, плодотворным и щедрым для нашего коллектива. Медленно, но стабильно в последние годы увеличивался контингент студентов. Укрепилась материальная база. Факультет вырос качественно: были защищены 1 докторская, 2 кандидатские диссертации, завершались докторские диссертации еще два преподавателя, готовятся к защите кандидатские диссертации. Перейдя в 1997 году полностью на внебюджетные средства, мы в конце 2001 года получили госбюджетное финансирование, поскольку к нам по государственным грантам были направлены 160 оралманов. В настоящее время на факультете около 300 студентов. В последний год были выпущены 2 учебника, несколько учебных пособий, методических разработок. Для нашего маленького коллектива это серьезные достижения.

2. Студенты подготовительного факультета – иностранные граждане, которых мы готовим к поступлению в вузы Казахстана на казахском или русском языке. Как правило, они приходят к нам со своим уже сформировавшимся менталитетом и взглядами на жизнь. Однако особенность работы наших педагогов и состоит в том, чтобы за короткий срок не только научить студентов языку, но и привить интерес к нашему народу, нашей культуре, нашей истории. На факультете ежегодно проводятся конференции “Земля – наш общий дом”, вечера-знакомства с культурой народов разных стран, экскурсии и другие мероприятия. Мы начинаем свои занятия с посещения музеев КазНУ, музеев города. Воспитательный аспект обучения у нас едва ли не самый главный.

3. Большому кораблю желают большого плавания. Университет по праву считается лучшим в республике как своими кадрами, так и достижениями в научной, учебной и воспитательной работе. Университет силен своими традициями, которые были заложены нашими учителями и продолжают нынче нашим поколением педагогов.

Каждый год ведет к новым вершинам, к новым достижениям как всего коллектива, так и каждого его члена. Хочется пожелать творческого взлета и попутного ветра, пытливых и трудолюбивых студентов, достижения всех поставленных целей и планов.

1. Өткен жыл филология факультеті үшін ең бір жемісті жыл, өйткені көптеген сапалы өзгерістер болды, азаматтық позициялы үздік мамандарды дайындау, мамандыққа бейімделу міндеттерін орындау – бұл біздің республика алдындағы борышымыз.

Бірінші кезекте бұл өзгерістер мамандарды дайындау бағытына қатысты. Факультет нарықтық сұранысқа байланысты барлық Орта азиялық аймақ бойынша ең бірінші болып “Қолданбалы лингвистика” мамандығы, магистранттарды дайындайтын жаңа мамандандыру көзі ашылды.

Қазіргі заман талабына сай мамандарды дайындау республика көлемінде жаңа жетістікке жету үшін жоғарғы оқу орны бойынша барлық жеті мамандық бойынша мемлекеттік стандарт – бакалавриат – (қазақ тілі және әдебиет, орыс тілі және әдебиет), жоғарғы білім алу үшін (қазақ тілі және әдебиет, орыс тілі және әдебиет, әдеби шығармашылық (қазақ бөлімінде), аударма ісі (қазақ және орыс бөлімінде), қолданбалы лингвистика (қазақ және орыс бөлімінде)) жасалды және осы мамандықтарға сәйкес оқу жоспарлары жасалынды.

Көптеген пәндердің лекция және семинар сабақтарының оқу бағдарламалары өзгертілді, студенттердің білімін кеңейту үшін қазіргі заманға сәйкестендірілген технологиялық оқыту іске асырылды. Жаңа жеткіншектерге арналған факультет оқытушыларының ғылыми-зерттеу еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары жарық көрді. Оқу деңгейін қамтамасыз ету үшін факультеттің материалдық базасы жұмыс істейді:

Қазіргі ең сапалы техникаға сай екі компьютерлік класс ашылды, әрі жұмыс істейді:

- лингафон бөлмесі ашылған, онда сабақ қазақ және орыс тілінде жүргізіледі;
- қазақ тілі бойынша видео және аудиоаппаратура бөлмесі ашылды;
- шетел тілдері бойынша видео және аудиоаппаратура бөлмесі ашылды;
- бірнеше кафедраға Интернет сеті қосылған.

Факультет құрамы мен профессор-оқытушы құрамында біршама өзгерістер болды. Қазақ әдебиеті кафедрасының ішінен екі лаборатория ашылды. С. Садырбаевтың жетекшілігімен 10 жылдыққа орай қазақ фольклоры лабораториясы және профессор Г. Томсонның (Канада) консультациясы мен бағдарламалық көмегімен қазақ тілі: әлеуметтік және психолінгвистикалық зерттеу лабораториясы ашылды. Қазіргі уақытта осы лабораторияларда студенттер мен магистранттар экспериментальды жұмыстарын өте жоғары деңгейде жүргізуде, әрі жаңа компьютерлік бағдарламаларды үйренуде.

Бакалавриатта, магистратурада, аспирантура және докторантурада оқытандардың географиялық аумағы кеңейе түсуде. Факультетте тек Қазақстан азаматы емес сонымен бірге Кыргызстан, Қытай, Түркия, Германия, АҚШ, Корея, Монғолия, Жапония және т.б. елдерден келіп білім алуда. Факультет барлық бағытта жұмыс атқаруда – оқу, тәрбие, ғылым. Өткен жыл факультет үшін өте жемісті жыл болды деп есептеміз.

2. Филологтар сөзге бай халық, олардың негізгі адамгершілік мүмкіншілігі, жан сезімі, халықтың мәдени көздері қалыптасқан, сондықтан филологтардың ең үлкен жауапкершілігі, елін сүйуге, әрі рухани мәдениетті таратуға тәрбиелеу.



Э.Д. СҮЛЕЙМЕНОВА, филология
факультетінің деканы, ф.ғ.д.,
профессор

Осыған орай факультет аса үлкен жауапкершілікпен әр түрлі қазақтың рухани мәдени ескерткіштерін үйренуге қатысты шараларды өткізді:

- жазушы және ақындармен (А. Нұрпейісов, Қ. Жұмаділов, С. Мұратбеков) кездесу;
- түркі және славян жазуы мейрамы;
- Қозы көрпеш-Баян слудың 1500 жылдығына байланысы конференция;
- университет жас ақындарының өлең сайысы және оларды баспаға жариялау; (ақпан)
- “Қазақ әдебиеті” газеті баспасөзімен кездесу; (наурыз)
- “Жас алаш” газетінің шығармашылық бірлестігімен кездесу; (сәуір)
- “Қазақ қыздарының қоғамдағы орны” атты пікір сайысы (мамыр).

3. Қазақстан қоғамы бізден ауқымды білім алу мәселелері мен жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді. Біз келешек Отанымыз үшін еңбек етеміз, бізді білім және ғылымды дамытудағы зор мақсат біріктіреді.

Баршанызға, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушыларына жауапкершілік пен бірлік, шығармашылық табыс, студенттерге кәсіби өсуді талап ететін мықты білім тілеймін.

Біздің сауалнама:

1. Сіз басқарып отырған ұжым үшін өткен жыл несімен ерекшеленді? Жалпы факультет өмірінен бір-екі ауыз сөз.
2. Қазіргі таңда жас ұрпақты мамандыққа баулудан бұрын адамдыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне енді десек, осы бағытта ұжымдарыңызда қандай іс-шаралар атқарылуда?
3. Туған күнге тілек.

✓ Наши специальности:

- 021200 Казахский язык и литература
- 021300 Русский язык и литература
- 021400 Переводческое дело
- 521200 Филология (по профилю - каз.язык)
- 521200 Филология (по профилю - рус.язык)
- 021700 Прикладная лингвистика
- 521400 Лингвистика

ҚазҰУ жылнамасынан

1934 жыл.
15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің ресми ашылу салтанаты болды.

1938 жыл.
19 қыркүйекте университетте аспирантура ашылды.

1948 жыл.
20 сәуірде әуелі “За отличную учебу” кейін “Қазақ университеті” аталған жалпы университеттік көп тиражды газет шыға бастады.

1974 жыл.
Қазақ мемлекеттік университеті Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшелігіне (МАУ) қабылданды.

1980 жыл.
800 орындық студенттік асхана жұмыс істей бастады.

1993 жыл.
9 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталды.

1996 жыл.
Республикада алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде көп деңгейлі білімнің жоғары сатысы ретінде магистратура ашылды. Өзін-өзі басқаратын автономды мемлекеттік ұлттық университет деп аталды.

1998 жыл.
5 қаңтарда Студенттер сарайы ашылды. Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысып, студент жастар арасында сөз сөйледі.

2000 жыл.
12-22 мамыр аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен құрылған комиссия мемлекеттік аттестация жүргізді. Комиссия ҚазМУ-дың оқытушылар, ғалымдар және қызметкерлер ұжымының оқу-тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру қызметін бүгінгі күннің ең жоғарғы талаптарына сай деп шешті.

2001 жыл.
Мамыр айында Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚазҰУ-ді бітірушілердің “Шамшырақ” ассоциациясының тұсауікер рәсімі өтіп, тіркеу куәлігі салтанатты түрде тапсырылды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылғы 5 шілдедегі Жарлығына және 1999 жылғы 7 маусымдағы ҚР “Білім туралы” Заңына сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде кәсіби қалыптасуына, ғылым мен техниканың жетістіктерінің дамуына қосқан зор үлесі үшін ерекше мәртебе берілді.

16 шілдеде Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының толық мүшесі (академигі), физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә. Қожамқұлов университет ректоры болып тағайындалды.

Дайындаған университет
мұражайының директоры
Р.С. ӨМІРӨЛИЕВА



Біздің түлектер

- ✓ Әби Кекілбаев – ҚР Мемлекеттік хатшысы.
- ✓ Назарбаева Дарига Нұрсұлтанқызы – “Хабар” ұлттық агенттігі директорлар кеңесінің төрайымы.
- ✓ Нұрсәев Серікбай Өрнбайұлы – Қызылорда облысының әкімі.
- ✓ Жармахан Тұяқбаев Айтбайұлы – ҚР Парламент мәжілісінің спикері.
- ✓ Жабайхан Әбдідин Мұбарқұлы – Сенат депутаты.
- ✓ Ғани Қасымов Есенгелдіұлы – Мәжіліс депутаты.
- ✓ Бдырысов Ерман Әбілтайұлы – ҚР Сыртқы істер министрі.
- ✓ Құлмұхамбет Мұхтар Абрарұлы – ҚР Мәдениет,

- ақпарат және қорғандық келісім министрі.
- ✓ Күлекеев Жақсыбек Әбдірастамұлы – ҚР экономика және сауда министрі.
- ✓ Қарақұсова Гүлжан Жанпейісқызы – ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі.
- ✓ Садықов Тоқмұхамед Сәліменұлы – Абай атындағы АқМУ-дің ректоры.
- ✓ Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры.
- ✓ Нәрікбаев Мақсұт Нәрікбайұлы – ҚазМЭА-ның ректоры.
- ✓ Мамырлов Нұрғали Құлышманұлы – Қазақ мемлекеттік басқару академиясының ректоры.
- ✓ Піралиев Серік Жайлауұлы – ҚызПИ-дің ректоры.



Өнерліге өріс кең

Өткен 2001 жыл Студенттер сарайында көптеген мәдени жұмыстар жүргізілді. Біз үшін ең үлкен қуаныш 10-қазанда Ғылыми кеңестің шешімімен Студенттер сарайына академик Ө.А.Жолдасбековтің есімі берілді.

Желтоқсан айында тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына арналған “Менің Қазақстаным” фестивалі, сондай-ақ, университет басшылығының қамқорлығымен және өз түлегіміз, “Дарын” мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұхамеджан Тазабековтің ұйымдастыруымен ақындар айтысы өткізілді. Оған республика деңгейінде танымал айтыс ақындары Шорабек Айдаров, Аманжол Әлтаев, Айнұр Тұрсынбаева және

басқалар қатысты. Сонымен қатар, Қазақстанның халық артисі, өнші Роза Рымбаева мен Тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет өткізілген жыр мүшәйрасының Бас жүлдегері, ақын-драматург Иран-Ғайыптың шығармашылық кеші өте жоғары деңгейде өтті.

Үстіміздегі жылы да осындай үлкен мәдени шаралармен сіздерді көңілдеріңізге шаттық сыйлаймыз деген үміттеміз.

Университет ұжымының мерейтойы құтты болсын!

**Ш.Ж. МЕНДІҒАЛИЕВА,
Ө.А. Жолдасбеков атындағы
студенттер сарайының директоры**



Вот и минул еще один год, и мы отмечаем очередной день рождения Казахского национального университета им. аль-Фараби, первого среди равных вузов Республики Казахстан.

Успехов всем во всех делах!

Президент Н. Назарбаев в своем выступлении на встрече со студентами КазГУ 5 января 1998 года сказал: “Казахский государственный университет относится, несомненно, к элитарным.” Это определение главы государства ко многому обязывает. Мы все нужны друг другу, и только единение, понимание всеми той ответственной задачи, которая стоит перед университетом, гарантируют успех.

День рождения университета – это и день рождения библиотеки, ибо библиотека создавалась и развивалась вместе с университетом.

Многое сделано за эти годы, даже за последние полгода заметны определенные сдвиги, взять, например, оснащение компьютерами.

Именно с компьютеризацией связано будущее университета, в том числе и с компьютеризацией информационных процессов.

В настоящее время вопросы демократизации доступа к информации весьма актуальны. Открытость, оптимизация, оперативность информационной работы – от этого во многом зависит эффективность учебного процесса, научной работы, качество получаемых знаний студентами.

Мы благодарны руководству университета за то внимание, которое уделяется Научной библиотеке, ведь не зря бытует выражение: “Без большой Библиотеки – нет большого университета”, потому что библиотеки – это

средоточие человеческой мудрости, средоточие национальной памяти, источник знаний, и не только для студентов.

Коллектив Научной библиотеки университета всегда будет выполнять свою информационную и культурно-просветительскую функции, тому порукой тяга к знаниям, пылливость наших студентов. Мы работаем и будем работать ради вас и вместе с вами, дорогие наши читатели.

Поздравляем наш родной Университет с днем рождения, успехов всем и во всех делах!

**Е. АБУЛКАИРОВА,
директор научной библиотеки**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
- Бас редактордың орынбасары - Ербол Әбдірасілов;
- Жауапты хатшы - Дарига Амангелдіева;
- Теруші - Айтгүл Бабасова;
- Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
- Фототілеуші - МАМЫРЖАН;
- Нөмірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Н. ОМАШҰЛЫ - Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
- Б.Ө. ЖАҚЫП - журналистика факультетінің деканы;
- Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
- М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподақ ұйымының төрайымы;
- А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің “Суңқар” кәсіподақ ұйымының төрайымы.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, өл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, №1000 бөлме тел. 11-94
Нөмір Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспаханасында 15.01.2002 жылы басылды

Бағасы келісім бойынша Таралымы - 3000 дана Көлемі 26 т. Индексі 65989 № тапсырыс

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозғарсын білдірмейді

Университетте бакалавриат жүйесі бойынша күндізгі бөлімде 10360, кешкі және сырттай бөлімдерде 1907, магистратура бойынша 1427 және 141 шетелдік азаматтар, барлығы 13835 студент оқиды. 2001 жылы 2530 түлек бітіріп шықты.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Болашақ студенттер назарына!

- 13 гуманитарлық және жаратылыстану факультеттері;
- 8 ғылыми-зерттеу институты;
- ғылыми-техникалық парк;
- 9 оқыту және ғылыми зерттеу орталығы;
- ірі ғылыми кітапхана;
- Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы;
- жеке баспа кешені;
- ақпарат құралдары - “Сана” теле және радио студиялары, республикаға тарайтын “Қазақ университеті” газеті;
- студенттер, аспиранттар мен қызметкерлер үшін жатақханалар;
- медициналық орталық;
- тамақтану комбинаты;
- тұрмыс қажетін өтеу қызметі;
- Ыстықкөл жанындағы сауықтану-спорт лагері;
- спорттық кешен және басқа да құрылымдық бөлімшелер бар.